



ПРИОЗЕРСКИЙ

№ 10/602

08 марта 2019 года

Вестник

газета издается с 26.06.2004 года

8 НАУРЫЗ – ӘЙЕЛДЕРДІҢ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ КҮНІ 8 МАРТА – МЕЖДУНАРОДНЫЙ ЖЕНСКИЙ ДЕНЬ



Құрметті Ханымдар!

Сіздерді Халықаралық әйелдер күнімен шын жүректен құттықтаймыз!

Осы бір тамаша көктем мерекесі әйелге тән әдемілік пен нәзіктіктің мәңгі белгісі сияқты. Біздің қазіргі қоғамымызда әйел тек отбасының береке-бірлігін ойлайтын тұлға ғана емес, ол мемлекеттің өмірге және саяси мәселелерге белсене араласатын қоғам мүшесі. Сондықтан біздің елімізде әйел адамның әлеуметтік қорғалуына, олардың өмір сүру деңгейін арттыруға айрықша маңыз беріледі

Қымбатты әйел қауымы!

Сіздердің атыңызға айтылатын ақ алғыстар мен жылы сөздер ешуақытта толастамасын. Көктемнің басымен келетін мерекелік көңіл-күй Сіздердің сергектітеріңіз бен күш-жігерлеріңіздің қуат көзіне айналсын. Сіздерге және отбасылыраңызға әрқашан бақыт және сәттіліктер тілейміз!

Ізгі тілекпен

Қала әкімі
Мәслихат хатшысы

Қ.Камзин
Б.Сәрсембеков

Уважаемые Дамы!

Примите самые сердечные поздравления с замечательным весенним праздником - Международным женским днем!

Это не случайность, что он отмечается в начале весны, именно той счастливой поры, когда природа делает первый вздох полной грудью, когда люди ждут тепла, обновления, нежности. И только благодаря вашей жизненной силе, воодушевлению и долготерпению из века в век продолжается род человеческий на земле.



Милые женщины!

В этот праздничный день желаем Всем женщинам крепкого благосостояния, позитивного счастья, неистовой любви и постоянного благополучия. И пусть выполняются все мечты!

С уважением

Аким города
Секретарь маслихата

К.Камзин
Б.Сәрсембеков

МЕРЕКЕЛІК

Әр жылғы көктем айының басында келетін әйел-қыздардың халықаралық мерекесі – 8-наурызға арналған салтанатты жиын әдеттегідей «Достық» сарайында 7-наурыз – бейсенді күні аталып өтті.



Оған қаладағы кәсіпорын, мекеме, ұжымдардан әйел-қыздармен бірге қала тұрғындары, депутаттар мен қала қонақтар қатысты. Салтанатты жиын басталарды қалаға танымал әншілер Айғанша, Жадыра, Әсет және Бақытжандар «Гүлдер-айым» әнімен сахнаны ашты. Жиынды Ұлан Алмас пен Гүлнұр Майбаова жүргізді. Аналар мен әйел-қыздар туралы жалынды сөздермен басталған салтанатты жиында қала әкімі Қайрат Амангелдіұлы Камзин құттықтау сөз сөйледі және бірқатар көп балалы аналар мен мадаққа лайықты әйел-аналарға марапаттаулар мен пәтер кілттері табысталды. Атап айтқанда Қазақстан Республикасы Президентінің 2018-жылғы 28-желтоқсандағы № 818 Жарлығына сәйкес Ирина Анатольевна Шкапуринаға «Күміс алқа» белгісін мойнына тақты. Сондай-ақ қала әкімінің Құрмет грамотасымен № 1 жалпы білім беретін мектеп директорының шаруашылық істері бойынша орынбасары Тілеуқор Рамазанқызы Әбжанова, Приозерск қаласы орталық ауруханасының дәрігер фтизиатры Гүлбаршын Қайрол-

лақызы Мондыбаева, 454 әскери госпиталінің анестезиология және реанимация бөлімінің меңгерушісі Гузаль Рашидовна Головки, № 2 жалпы білім беретін мектеп директорының тәрбие ісі бойынша орынбасары Алтынай Серғабилқызы Ермағамбетова және Приозерск қаласына қарасты «Ертай» кен байыту фабрикасы ЖШС есепшісі Айсұлу Келешовалар марапатталды. Приозерск қаласы әкімінің Алғыс хаттары № 2 жалпы білім беретін мектептің бастауыш сынып оқытушысы Шахсия Ансарқызы Таирова мен Балқаш электр жүйелерінің филиалы Оңтүстік электр жүйелері ауданының референті Гүлмира Абатқызы Жахаеваға табыс етілді. Бизнестің әлеуметтік жауапкершілігі жөніндегі «Парыз 2018» республикалық конкурсының дипломымен Шынар Жармаханқызы Жісіпова марапатталды. Сонымен қатар көп балалы зейнеткер ана Ұлданай Еспенбетқызы Сәденова мен Марина Ивановна Кинзельге пәтер кілттері ұсынылды.

Салтанатты жиында қала тұрғындары мен аналарды, әйел-қыздарды құттықтаған



САЛТАНАТ



Приозерск қалалық мәслихатының хатшысы Бекзат Мұқсинұлы Сәрсембеков 8-наурыз – әйел-қыздардың халықаралық мерекесіне орай Приозерск қаласына

қарасты «Ертай» кен байыту фабрикасы ЖШС нормировщиці Лаура Юрьевна Романова, «Ерке-тай» шағын орталығының аспазы Зульфия Мингтоевна Дусанбаева, № 2 жалпы білім беретін мектептің география пәнінің оқытушысы Т а м а р а Бералықызы Кенджебаева, Приозерск қалалық денсаулық сақтау басқармасының әдіскері Ләззат Күмісбекқызы

Берденова, Приозерск қаласы жұмыспен қамту және әлеуметтік бағдарламалар бөлімінің бас маманы Сымбат Шералықызы Таңатарова, № 1 жалпы білім беретін мектеп психологы Пердегүл Кенесқызы Нарманова, № 1 жалпы білім беретін мектептің вахтері Нәзира Жанизаққызы Мырзаева және халық банкі қалалық бөлімшесінің кассирі Сандұғаш Нұрғазықызы Нұрахметтерді қалалық мәслихаттың Алғыс хатымен марапаттады.

Салтанатты жиынға арналған мерекелік концертті № 2 мектептің би тобы «Қазақ биімен» бастады. Б.Сайырманов «Жан ана», Мейрамбек Жақсылық жалпы аналарға арналған ән «Мама», Жадыра Сәттібекова ұлы Мансұрмен бірге «Ана мен бала», «Достық» орталығының «Вдохновение» би тобы өзбек биін, Айғанша Болысова «Құстар әні», Мерей Тұрсынбеков «Мұңайма», Гүлмира Шералиева «Неге» әндерін көремендерге тарту еткен соң, сахна шымылдығын Әсет Жолдасбай, Бақытжан Сайырманов және Мерей Тұрсынбековтердің қосыла шырқаған «Мереке күніңмен».

НАЛТЫНБАЙҰЛЫ.

Суретте: салтанатты жиыннан көріністер

ӘЙЕЛ - АНАҒА ТАҒЫМ!

Бас-аяғы үш-ақ әріптен құралған «ана» сөзінің мағынасы түсінген адамға түпсіз теңізден терең, жеті қат аспаннан да биік, мөлдір судан да таза. Әлемдегі ең асыл, ең бағалы, ең қымбат жан деп ананы айтар едім. Халқымыз аналар қауымына арнап жыр шығарған, ән мен күй арнаған, қанатты сөздерге тірек еткен, ауыздан ауызға тарайтын аналар туралы қанатты сөз қалдырған. Ең аяғы, «Жұмақтың кілті – ананың табанының астында» деген мақал аналардың қаншалықты қадірлі адам екенін білдіргендей. Ананың өзі гүлдей жайнап, құлпырып өсіп келе жатқан қыздарымыздан келіп шығады. Олар біздің төрімізден орын алуға лайықты – қыздарымыз, одан әрі келін, әйел, әже...

Мына дөңгелеген дүниеде әр адамның жанына жақын қымбат адамы – анасы. Себебі тоғыз ай, тоғыз күн құрсағында көтеріп, әрбірмізге жарық дүниені нәсіп еткен, қанаттыға қақтырмай, тұмсықтыға шоқыттырмай өсірген анашымыздың жүрегімізден алар орны ерекше. Асыл ананың алдындағы қарызымыз ешқашан өтелмек емес, тіпті жаяу жүріп Меккеге сан мәрте апарсақ та ананың бір күндік ұйқысының өтеуін қайтара алмаймыз. Ана біздің

өміріміздің бұлағы, жарық дүниеміздің шырағы болып қала бермек! «Анасы бар адамдар ешқашан қартаймайды» демекші, біздің барлық өміріміздің арқауы, бақытты балалыққа жеткізген аяулы аналарымызды құрметтеп, қадір тұту әрбірмізге парыз хәм қарыз! Осы орайда айта кетер бір сөзім, көп адамдар ата-ананың қадірін олардан мәңгілікке қол үзгенде ғана, яғни, бәрі кеш болғанда түсініп, біліп жатады. Бір қолымен бесікті, бір қолымен әлемді тербеткен аналарымыздың орны әр пенде үшін бөлек. «Ата-ананың қадірін балалы болғанда білерсің» деген халқымыздың мақалы бар. Ендеше, әрбір анадан туған азамат пен азаматшалар өздерінің ақ сүт беріп өсірген аналарының қадіріне жетіп, соларды етсе, одан асқан балалық бақыт болуы мүмкін емес, әрине.

Жалпы, бүгінгі таңдағы қоғамда әйел-қыздардың алатын орны ауқымды әрі маңызды. Олар халық шаруашылығының барлық саласында еңбек етіп, мемлекетіміздің, еліміздің дамып, өркендеуіне сүбелі үлестерін қосып жүр. Мұндай жандар біздің қаламызда да жетіп артылады. Қала мекемелері басшылығының тұтқасын ұстаған – Гуля Қасымова,

Гүлжан Шарбекова, Рахима Ахметова, Павлина Кенжебекова, Айтқұл Құлмғанбетова, Панар Жұмаханова, Қарлығаш Алтынбекова, Малика Ермбетова, Құралай Бессенова, Светлана Попченко секілді әйел-аналардың есімдерін құрметпен тілге тиек етуге лайықты. Әйел-аналарымыз халық сенімін арқалап, қалалық мәслихатта депутаттық міндеттерін де абыроймен атқарып жүр. Дәрігер, мейірбике болып халық денсаулығын сақтау саласында еңбек ететін жандардың қызметтері өз алдына бір төбе. Қаншама әйелдер мен қыздар кіші кәсіпкерліктің ұршығын дөңгелетіп жүргендігін көріп жүрміз. Дүниеге көп бала әкеліп, ұлтымыздың санының өсуіне, еліміздің демографиялық ахуалын арттыруға үлес қосып жүрген аналарымыздың алдында бас июге міндеттіміз. Атап айтқанда қаламызда тұрып жатқан жеті және одан да көп балаларды дүниеге әкеліп, «Алтын» хәм «Күміс» алканы мойындарына таққан – Зулхия Купдиллаева, Нұрсұлу Шаңқытбаева, Шырынғұл Кәкімбетова, Мария Ивановна Штефан, Дария Түсүпова, Қаламқас Месерова, Ұлжан Сайыпқызы Қарабекова, Екатерина Степановна Смирнова, Сара Ақбердіқызы

8-наурыз – Әйел-қыздардың халықаралық мерекесі

Белгібаева, Соня Джузбаева, Тынышгүл Қойшыбаева және тағы басқа да аналарымызды ардақтауға тиіспіз. Осындай батыр аналардың бізбен қатар ғұмыр кешіп



жүргеніне мақтанамыз.

Сөз соңында айтарым:

Әке – білек, саусағы балалары, қан тамырымен жалғасқан аралары. Ана – тамыр бойымен бәріне де, Тіршіліктің жылуы таралады!

Әйел-анаға тағзым!

Нұрғали ҚАРАБЕКТЕГІ,
газеттің арнаулы тілшісі

«НҮР ОТАН» ПАРТИЯСЫНЫҢ СЪЕЗІ ТУРАЛЫ ШКІР

Астанадағы Тәуелсіздік сарайында Елбасы, партия лидері Нұрсұлтан Назарбаевтың төрағалығымен өткен «Нұр Отан» партиясының кезекті XVIII съезі халықты әлеуметтік қолдау саласындағы айрықша биік белеске жеткізеді деген үміттеміз. Себебі, көпбалалы және толық емес отбасыларға, табысы төмен әрі мүмкіндігі шектеулі балалары бар отбасылар үшін баспана сатып алудың қолжетімділігін арттыру – бұл баға жетпес құндылықтардың бірі болып табылады. Бұдан бөлек, мүгедек балаларды тәрбиелеп отырған ата-аналарға, қамқоршыларға және отбасыларға берілетін жәрдемақы 30 пайызға көбеймек. Сонымен қатар толық емес көп-балалы отбасыларға үйде отырып жұмыс жасауға жағдай жасау, ал ауылдағы көпбалалы отбасылар үшін гранттар мен микро-кредиттердің жеке квоталарын бөлу орынды болып табылмақ. Отандық медицинаны жақсартуға,

дәрттің алдын алуға және салауатты өмір салтын ынталандыру – бұл стационарлық медициналық көмек көрсетудің сапасы мен қолжетімділігін арттыруға алып келмек!

Айдар Марат
Экономика және қаржы бөлімінің экономисті

На XVIII съезде партия Глава государства поручил повысить заработную плату бюджетным работникам на 30 % и на 25 % увеличить доход низовых работников исполнительных органов, на 30 % повысить пособия родителям, воспитывающим детей-инвалидов, увеличить адресную социальную помощь до 70 % от прожиточного минимума, многодетным семьям выплачивать по 21 тысяче тенге на каждого ребенка, а также обеспечить льготные ипотечные займы по 2-3 % годовых для социально уязвимых слоев населения.

Конечно же, больше всего импо-

нирует поддержка, которую государство будет оказывать многодетным и малообеспеченным семьям, а также молодым специалистам.

Мы удовлетворены тем, что во время съезда партии «Нур Отан» Президент поручил повысить зарплату бюджетникам на 30 процентов. Таким образом уровень благосостояния госслужащих, врачей, полицейских, учителей будет повышаться. Отрадно также, что семьи, имеющие более четырех детей, будут получать социальную выплату по 21 тысяче тенге на каждого ребенка.

Шамшатова Асет
Экономика және қаржы бөлімінің бас маманы

Бір қозы туса, бір түп жусан артық шығады" – демекші, елімізде дүниеге келген әр сәбидің өз несібесі бар. Бүгінгі ұрпақ – елдің ертені. Бақытты балалық шақтың дәмін татқан балдырғандар баянды бола-

шаққа бастайды десем артық болмас. Бүгінгі күні елдің демографиясына жас аналар үлесін үздіксіз қосуда. Көп балалалы отбасылар қатары жылдан жылға көбеюде. Елімізде көп балалалы отбасыларға арналған әлеуметтік көмектердің қатары көбеюде. Атап айтсақ, көп балалалы отбасынан шыққан бастауыш сынып оқушыларын ыстық тамақпен қамтамасыз ету, жазғы демалыс кезінде атаулы әлеуметтік статусы бар отбасылардың балаларын лагерлерге жіберу, 1-4 сынып оқушыларына ұзартылған күн топтарын ұйымдастыру және көп балалалы отбасылардың балалары үшін балабақша төлемі 50% жеңілдетілмек. Осының бәрі "Нұротан" партиясының XVIII съезінде елбасымыздың бастауымен көп балалалы отбасылар үшін жасалған көмектер. Бұл көмектер жас аналарға үміт сыйлап, елімізде көп балалы отбасылардың артуына ықпал етеді деген үміттеміз. "Балам дейтін елің болмаса, елім дейтін балаң қайдан болсын" – деп Ахмет Байтұрсыннов ағамыз айтқандай бұл біздің балаларымыздың Отанына деген құрметін еселей түсері анық.

Айдана Алмаз,
қала тұрғыны

«ВСЕ В ТВОИХ РУКАХ» - ОТВЕТСТВЕННОСТЬ ЗА УПОТРЕБЛЕНИЕ НАРКОТИЧЕСКИХ СРЕДСТВ



Увлечения бывают разными. Одни полезны и безобидны, другие опасны. К числу последних относится пристрастие к наркотикам.

Часто все начинается со стремления к новым ощущениям, а завершается обычно зависимостью. Последствия наркотизации почти всегда смертельны. Вот почему употребление психоактивных средств либо строго контролируется, либо находится под запретом. Многих интересует, предусмотрен ли срок за употребление наркотиков или другие санкции в статье УК. Есть ли статья за употребление наркотиков в Уголовном кодексе?

Нередкая в наше время ситуация: люди курят «травку», используют медицинские препараты не по назначению либо верят мифу о так называемых легальных наркотиках. Не у каждого из них есть зависимость. А вот закон нарушается в любом случае.

С января 2015 года введен в действие

новый Уголовный кодекс, которым введено понятие уголовное правонарушение, которое состоит из преступления и уголовного проступка.

Другими словами, если ранее за употребление наркотических средств предусматривались только административная ответственность, то сейчас эта ответственность уголовная. Если человек употребляет наркотики в общественных местах, он подлежит уголовной ответственности, поскольку совершил уголовный проступок, предусмотренный ст. 296 ч.1 УК.

Статья 296 ч.1 УК запрещает немедицинское потребление наркотических средств, психотропных веществ, их аналогов, прекурсоров в общественных местах. Указанная статья предусматривает альтернативные виды наказания в виде:

Штрафа до ста месячных расчетных показателей, либо назначаются исправительные работы в том же размере, либо привлечение к общественным работам на срок до ста двадцати часов, либо арестом на срок до сорока пяти суток.

Также, согласно внесенным в КоАП изменениям правонарушения, предусматривающие незаконный оборот наркотических средств без цели сбыта, совершенные в небольшом или крупном размерах, выведены из административных правонарушений и переведены в уголовные проступки, ответственность по которым наступает по ч.2 или ч.3 ст. 296 УК.

К сожалению, основная масса молодежи считает, что наркотики безвредны, не вызывают зависимости и не наносят вреда здоровью. Однако после длительного применения наркотиков происходят осложнения с умственными способностями, которые могут довести наркомана до полной потери себя в социуме и дальнейшего ухода в себя.

Главная опасность наркотиков заключается в том, что после нескольких приемов появляется неконтролируемая тяга к повторным дозам.

Нет - наркотикам!

Лечение наркозависимости, как альтернатива наказанию, используется во всех странах Западной Европы. Срок за употребление наркотиков, как репрессивное средство, используется лишь тогда, когда в деле замешана наркоторговля или имеютсяотягчающие обстоятельства.

Рақыш А.
секретарь межведомственного штаба по координации деятельности государственных органов, направленной на противодействие наркомании и наркобизнесу

АӘК МӨЛШЕРІНІҢ ӨЗГЕРУІ	
<p>2019 ЖЫЛДЫҢ СӘУІРІНЕ ДЕЙІН</p> <p>Егер отбасы шығыны АӘК тағайындау өлшемінен – 14849 теңгеден төмен болса АӘК тағайындалады</p> <p>Мысалы, отбасы: ана + 4 бала. Отбасының табысы айына – 50 мың теңге</p> <p>Кіріс 50 000 теңге 5 адамға бөлінеді (отбасы мүшелерінің саны) – отбасының бір адамына 10 000 теңгеден шығады</p> <p>АӘК – 14849 теңге (АӘК тағайындау өлшемі) – 10 000 теңге (отбасының бір мүшесіне табыс) = АӘК көлемі (4849 теңге отбасының бір мүшесіне)</p> <p>АӘК отбасының 5 мүшесіне айына: 4849 теңге * 5 адам = 24 445 ТЕНГЕ</p>	<p>2019 ЖЫЛДЫҢ СӘУІРІНЕН БАСТАЙ</p> <p>Егер отбасы шығыны АӘК тағайындау өлшемінен – 20789 теңгеден төмен болса АӘК тағайындалады</p> <p>Отбасы АӘК құқығын алғанда балаларға кепілдендірілген төлемсіз әр балаға 18 жасқа толғанға дейін (егер бала жоғары немесе орта арнаулы оқу орнында оқыса 23 жасқа дейін) 20789 теңгені құрайды.</p> <p>Мысалы, отбасы: ана + 4 бала. Отбасының табысы айына 50 теңге.</p> <p>Табыс 50 000 теңге 5 адамға бөлінеді (отбасы мүшелерінің саны) – сонда 10 000 теңге отбасының бір мүшесіне</p> <p>АӘК – 20789 теңге (АӘК тағайындау өлшемі) – 10 000 теңге (отбасының бір мүшесіне кіріс) = 10789 теңге балалардың анасына тағайындалады</p> <p>АӘК 4 балаға айына: 20789 теңге * 4 бала = 83156 теңге.</p> <p>АӘК отбасына айына: 10789 теңге (анасына жәрдемақы) + 83156 теңге (балаларға жәрдемақы) = 93 945 ТЕНГЕ</p>
<p>– Жаңа формат бойынша құжаттар 2019 жылдың сәуірінен қабылдана бастайды</p> <p>АӘК есептеуге қатысты барлық сұрақтар бойынша +7 778 8515852, +7 705 4459505 WhatsApp телефон нөмірлері және "Қарағанды облысының АӘК" Telegram-чатты арқылы білуге болады.</p>	

АЛҒЫС АЙТУ КҮНІ АТАЛЫП ӨТТІ

БАРШАҢЫЗҒА МЫҢ АЛҒЫС!



Өткен аптада қаламыздағы оқушылар мен жасөспірімдер шығармашылығының «Достық» орталығында қалалық Ішкі саясат, мәдениет және тілдерді дамыту бөлімінің бастамасымен 1-наурыз – Алғыс айту Күніне арналған мәдени іс-шара болып өтті.

Іс-шараны қаламыздағы славян халықтарының «Исток» этно-мәдени

орталығының ұжымы ұйымдастырған болатын.

Орталықтың концерт залына жиналған жұртшылықты бірінші болып «Нұр Отан» партиясының Приозерск қалалық филиалы төрағасының орынбасары Дүйсенбаев Дулат Орынбасарұлы құттықтап, Қазақстан жеріне қиын-қыстау заманда қоныс аударған өзге ұлт өкілдерін сол кезде қазақ отбасыларының, өздерінің ауыр тұрмыс жағдайына қарамай, қалай құшақ жая қарсы алғанына, бүгінгі таңда көпұотты халқымыздың тату-тәтті өмір сүріп жатқанына, сол қоныс аударғандардың қазақ халқына алғы-



сының шексіз екеніне тоқтала келе, жиналғандарды айтулы мерекелерімен құттықтап, ізгі лебізін білдірді.

Одан кейін көркемөнерпаздар ұжымының мүшелері әр ұлттың әндерін шырқап, билерін билеп, мерекеге жиналған қала тұрғындарының көңілін бір көтеріп тастады.

Мерекелік іс-шара орталықтың фойесінде ұйымдастырылған «Масле-ница» мерекесіне ұласып кетті.

Жұртшылық мерекеге орай пісірілген тәтті құймақтан ауыз тиіп, ыстық шәй ішіп, бір-бірлерін мерекемен құттықтап, маз-мейрам болып тарқасып жатты.

Б. Алшынбекұлы.
Суреттерде: Мерекеден көріністер. Суретті түсірген автор

АЛҒЫС ЖҮРЕКТЕН ШЫҒАДЫ

2019 жылғы 28 - ақпанда «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайында 1-наурыз - «Алғыс айту» күніне орай «Алғыс



жүректен шығады» атты қайырымдылық акциясы мен «Жүректен жүрекке» атты мерекелік іс-шара өткізілді. Мерекелік іс-шараның мақсаты: Алғыс айту күні сыйластық құндылығы ризашылық пен алғыс айту туралы түсініктерге шолу жасау, бүлдіршіндердің үлкен-кішіге деген сүйіспеншілігін, сыпайылық қарым-қатынасын дамыту, кішіпейілділікке, бір-біріне деген ыстық жылы тілек, жүректен шыққан

алғыстарын айтуға, ізгілікке тәрбиелеу.

Алғыс айту күніне бөбекжайымызға көп балалы отбасындағы ата-аналар, бөбекжайдың алғашқы түлегі болған шәкірттер қонақ келді. Мерекемізді балабақша-мыздың кіші «Балапан» тобы би шашуымен ашты. Әр топтың тәрбиеленушілері келген қонақтарға жүректен шыққан жыр тақпақтары мен «Барбарика», «Мики Маус», «Джентельмен» билерін билеп және «Көкте», «Ерке қыздар» әндерін айтып, жиналғандарға өз өнерлерін көрсетіп,

апайларына алғыстарын айтты.

Кешіміз «Алғыс жүректен шығады» акциясымен ұйымдастырылған қайырымдылық шарасына жалғасты.

Бөбекжайымыздың тәрбиеленушілері көп балалы отбасынан Ахмедиянов Илияға



және Карибаева Раушан апайымызға бөбек-жайымыздың атынан сый-сыйапаттар тапсырды. Мерекеміз II кіші топ бүлдіршіндерінің «Кел билейік вальс» биімен аяқталды.

Мерекеге келген қонақтарымыз және шәкірт түлегіміз Аманбай

Бибінуір «Наурыз» әнін шашу ретінде тарту етті. Келген ата-аналар өнерлерін ортаға салып, көңілдерін көтерген бүлдіршіндерге өз ризашылықтарын білдірді.

Ата – аналар мен бүлдіршіндердің жүздерінен қуаныш пен күлкіні көрген біздер мереке қызықты әрі тартымды өтті деген ойдамыз.

А.Т.Ахметова, Қ. Куземабаева,
«Приозерск қаласы «Балақай» бөбекжайының «Құлыншақ» және «Ақбота» топтарының тәрбиешілері

Тәрбиешілер сайысы

Көп тіл білу - заман талабы. Елбасы өзінің «Жаңа әлемдегі- жаңа Қазақстан» атты жолдауында «Қазақстан бүкіл әлемде халқы үш тілді пайдаланатын мәдениетті ел ретінде танылуға тиіс. Бұлар: қазақ тілі - мемлекеттік тіл, орыс тілі - ұлтаралық қатынас тілі және ағылшын тілі - жаһандық экономикаға тірігу тілі». Иә, «үштілділік» саясатын қайта қарау қажет деген пікірлер жиі қылаң беріп жүргені жасырын емес. Десек те **Елбасының:** «Қазақ тілі үш тілдің біреуі болып қалмайды. Үш тілдің біріншісі, негізгісі, бастысы, маңыздысы бола береді» - деп ескерткенін тағы бір қайталап қойсақ артық болмас. Әлемдегі дамыған елу елдің қатарына қосылу үшін билік «үш тұғырлы тіл» саясатын қолға алып жатқаны белгілі. Ақпараттық техниканың дамыған заманында тілді үйрену қиындық тудырмайды,

«ҮШ ТҰҒЫРЛЫ ТІЛ - ҮЛТ БОЛАШАҒЫ» САЙЫСЫ ӨТТІ

қайта көп тіл білгеннің ешбір зияны жоқ. Үштұғырлы тіл саясатын насихаттау мақсатында «Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК-де ағылшын тілі оқытушысы Абатаева Феруза Жайлибаевнаның ұйымдастыруымен «Үштұғырлы тіл – ұлт болашағы» атты тәрбиешілер арасында сайыс өткізілді. Сайыстың мақсаты мемлекеттік тілді насихаттау, педагогтердың қазақ, орыс, ағылшын тілдерін білу, меңгеру деңгейін, олардың кәсіби шеберлігін, педагогикалық біліктілігін анықтау болатын. Сайысқа «Жұлдыз» және «Аяла» топтары қатысып, сайыс: 1. «Сәлем – сөздің анасы» 2. «Аламан бәйге», 3. «Жеті жұрттың тілін біл», 4. «Үш тілдің патшалығы», 5.

«Өнерлі өрге жүзер» кезеңдері бойынша өткізілді. Сайыскерлер әр кезең бойынша тапсырмаларды бұлжытпай орындап, сұрақтарға тез жауап беріп, өз өнерлерін ортаға салды. Сайыс өте қызықты әрі тартымды өтті. Әділқазылар алқасының әділ шешімі бойынша сайыста «Жұлдыз» тобы жеңіске жетті. Сайысқа белсене қатысқан сайыскерлер бөбекжай әкімшілігі марапатымен марапатталды.

Білім мен ғылымның, инновацияның, жалпы Қазақстанның дамыған жағдайында Елбасы біздің алдымызға үш тілді меңгеру қажеттігін қойды. Қазақстан азаматтарының, яғни, біздің парызымыз – «өзге тілдің бәрін біл, өз тіліңді құрметте» деген

дей, мемлекеттік тілді меңгеріп қана қоймай, шет тілдерді де білу деп ойлаймын. Сонымен, біз білетіндей тілдердің үштұғырлығы - уақыт талабы. Үш тілді білу жас ұрпақтың білім кеңістігінде еркін самғауына жол ашады. Біз осы істің тек жанашыры ғана емес, орындаушылары болуымыз керек. Алдағы уақытта үштұғырлы тілді меңгеру – еркіндіктің, бостандықтың, тәуелсіз ел ұлдарының бүкіл әлем бойынша бәсекеге қабілетті дара тұлға екендігінің кепілі деп білемін.

Ф.Ж.Абатаева,
«Приозерск қаласының «Балақай» бөбекжайы» КМҚК ағылшын тілі оқытушысы

ОТЧЕТ О ПРОДЕЛАННОЙ РАБОТЕ КОМИССИИ ПО ДЕЛАМ НЕСОВЕРШЕННОЛЕТНИХ И ЗАЩИТЕ ИХ ПРАВ ПРИ АКИМАТЕ ГОРОДА ПРИОЗЕРСК за 2018 год

На основании постановления акимата города Приозерск от 28 июля 2016 года №27/8 «О создании комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав» постоянно действует комиссия по делам несовершеннолетних и защите их прав. В состав комиссии, общей численностью 14 человек, входят депутаты городского маслихата, представители органов внутренних дел, образования, культуры, здравоохранения, занятости и представители заинтересованных органов.

Комиссия является коллегиальным органом, обеспечивающим координацию деятельности государственных органов и учреждений в сфере профилактики правонарушений, безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, защиты их прав и законных интересов.

Комиссия осуществляет свою деятельность на основе Конституции Республики Казахстан, законов Республики Казахстан «О правах ребенка», «О профилактике правонарушений среди несовершеннолетних и предупреждении детской безнадзорности и беспризорности», Постановления Правительства Республики Казахстан «Об утверждении типового положения о комиссии по делам несовершеннолетних и защите их прав», а также иных нормативных правовых актов.

За отчетный период проведено 27 заседаний комиссии. Согласно утвержденного плана работы комиссии на 2018 год заслушаны 37 отчетов заинтересованных органов о проводимой работе по профилактике правонарушений, безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, защите их прав. Организован взаимный обмен информацией между ними по курируемому вопросу.

В 2018 году комиссией рассмотрено 10 материалов в отношении несовершеннолетних и их родителей.

Членами комиссии совместно с отделом образования, ГЮП МПС и молодежным ресурсным центром проведена работа по предотвращению фактов совершения суицидов среди учащихся школ.

В школах города проведена просветительская работа по овладению родителями психолого-педагогическими знаниями в области семейного воспитания, создания здоровых и безопасных условий воспитания,

труда и отдыха учащихся, сотрудничества между школой и родительской общественностью.

С целью выявления беспризорных и безнадзорных детей, несовершеннолетних, не посещающих по неуважительным причинам общеобразовательные учебные заведения, детей из неблагополучных семей, а также фактов использования наихудших форм детского труда, на постоянной основе проводились республиканские и региональные оперативно-профилактические мероприятия «Дети в ночном городе», «Подросток». Широкомасштабные акции «Дорога в школу», «Подари тепло детям», «Забота». Совместные лекции, беседы и «круглые столы» по профилактике алкоголизма, табакокурения, наркомании и ВИЧ/СПИДа с показом несовершеннолетним видеофильмов и роликов. Проведены мероприятия посвященные Международному Дню защиты детей и Международному Дню семьи.

С целью оказания помощи семье в решении проблем, связанных с воспитанием ребенка, выявлением и своевременным устройством каждого ребёнка, оставшегося без попечения родителей, в отделе образования работает орган опеки и попечительства.

Организация досуга детей и подростков является одним из важных направлений в деле профилактики правонарушений среди несовершеннолетних.

В настоящее время занимаются спортом 830 детей.

В Центре детско-юношеского творчества «Достык» функционирует 10 спортивных секций, 9 кружков, 2 из которых музыкальные.

Количество доступных спортивных объектов – 31 единица.

В текущем году для привлечения населения, детей и подростков к занятиям спортом на бесплатной основе для жителей частного сектора отделом физической культуры и спорта в здании городской больницы организован детский дворовой клуб «Кайнар».

Работа комиссии по профилактике правонарушений, безнадзорности и беспризорности среди несовершеннолетних, защите их прав и законных интересов продолжается.

А. Рақыш

Секретарь КДН и ЗП

О РАБОТЕ МЕЖВЕДОМСТВЕННОЙ КОМИССИИ ПО ПРОФИЛАКТИКЕ, ПРЕДОТВРАЩЕНИЮ И БОРЬБЕ С ПРЕСТУПЛЕНИЯМИ, СВЯЗАННЫМИ С ТОРГОВЛЕЙ ЛЮДЬМИ за 2018 год

Торговля людьми является одной из серьезных проблем современного общества. Сексуальная эксплуатация, принудительный труд, включая труд несовершеннолетних, домашнее рабство – все это различные проявления этого опасного преступления. Учитывая многоплановость современной работорговли, следует отметить, что ее существование угрожает жизненным интересам личности, нации и государства.

В соответствии с Законом Республики Казахстан от 23 января 2001 года «О местном государственном управлении и самоуправлении в Республике Казахстан» и постановлением Правительства Республики Казахстан «О Плана мероприятий Правительства Республики Казахстан по профилактике, предотвращению и борьбе с преступлениями, связанными с торговлей людьми, на 2015-2017 годы» Постановлением Акимата города Приозерск от 14 июля 2015 года № 20/10 создана межведомственная Комиссия по профилактике, предотвращению и борьбе с преступлениями, связанными с торговлей людьми, при акимате города Приозерск, председателем которой является заместитель акима города.

За 2018 год проведено 4 заседания комиссии, на которых рассматривались следующие вопросы:

-о предотвращении принудительного труда нелегальных трудовых мигрантов и эксплуатации детского труда;

-о реализации конкретных профилактических мер, направленных на оказание своевременной социальной и иной помощи детям, оказавшимся в трудной жизненной ситуации, в целях исключения возможности обращения их в потенциальных жертв сексуальной, трудовой или криминальной эксплуатации;

-о проводимых мероприятиях по профилактике правонарушений, связанных с торговлей людьми;

-об обеспечении организации оказания качественной и доступной медицинской помощи жертвам торговли людьми при их обращениях;

-информирование населения о реальных угрозах оказаться потенциальными жертвами торговли людьми, способах предотвращения такой опасности, в том числе с указанием мест подачи обращений по данным фактам, а также обязательном страховании жизни и здоровья граждан, направленных за рубеж юридическими лицами в целях трудоустройства либо оказания туристических и иных услуг;

-об эффективности проведения профилактических мероприятий по предотвращению правонарушений, связанных с торговлей людьми;

-об оказании социальной помощи оралманам, лицам вернувшимся из мест лишения свободы и лицам состоящим на учете в службе пробации;

-медицинское обслуживание иностранных граждан в порядке, установленном органом здравоохранения, а также рассмотрение возможности предоставления медицинской помощи трудящимся-мигрантам и членам их семей, не имеющих документов;

-обмен в отношении рекламных объявлений и информационных материалов в СМИ и Интернете, связанных с торговлей людьми и детской порнографией, а равно порождающих, спрос на такие услуги.

В своей работе комиссия тесно взаимодействует с местной полицией, отделом внутренних дел города, с правоохранительными органами Минобороны РК (военная полиция), а также со структурами Минобороны РФ (российский суд, прокуратура, ФСБ и др.), которые по необходимости также проводят разъяснительную работу среди населения.

Благодаря проведённой совместной работе фактов торговли людьми, обращений жертв торговли людьми за 2018 год не зарегистрировано.

Рақыш А.

секретарь межведомственной комиссии по профилактике, предотвращению и борьбе с преступлениями, связанными с торговлей людьми



Собственник: ИП Струментов А.В.
Газета «Приозерский вестник» зарегистрирована в Министерстве связи и информации Республики Казахстан 15.03.2004 г. №4843-Г. Свидетельство о переучете ППИ № 17414-Г от 24.12.2018 г.
Адрес редакции: 101100 г. Приозерск, ул. Космонавтов, д.5-106.
Справки по тел. +7-705-981-86-79 (Гл. редактор), +7-702-604-02-60 (тех. редактор)
E-mail: prz_westnik@mail.ru Веб-сайт: www.prz_westnik.kz
Газета отпечатана в ТОО «Арко» г. Караганда, ул. Сатпаева 15, Заказ № 10/602. Тираж: 500 экз., объем-1 п.л., формат - А2, 4 стр.

Главный редактор: Кенжебеков Б.А.
Технический редактор: Струментов А.В.
Для подачи частных объявлений и рекламы обращаться по тел: +7-705-466-60-63
Корреспонденция принимается на электронный адрес: prz_westnik@mail.ru

Газета распространяется в местах продажи газет и журналов (киоски печати, магазины, рынки), в редакции и частными распространителями в г. Приозерске и г. Караганда, а также по подписке во всех городах и районах области.
Подписной индекс - 65041

Письма, рукописи, фотографии и рисунки не рецензируются и не возвращаются. Ответственность за точность приведенных фактов, статистических данных, собственных имен, географических названий и других данных несут авторы публикаций. Редакция не несет ответственности за содержание рекламных объявлений. Мнение авторов может не совпадать с мнением редакции. Перепечатка материалов без согласия редакции запрещена.